

Женевадағы (Швейцария конференциясы) Біріккен Ұлттар Ұйымы бөлімшесінің және басқа да халықаралық ұйымдардың жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілдігінің және Швейцария Конфедерациясындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 15 желтоқсандағы N 1730

"Женевадағы (Швейцария конференциясы) Біріккен Ұлттар Ұйымы Бөлімшесінің және басқа да халықаралық ұйымдардың жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігін ашу туралы" 1995 жылғы 4 желтоқсандағы N 2664 U952664_ және "Швейцария Конфедерациясында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы" 1995 жылғы 4 желтоқсандағы N 2665 U952665_ Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілдігі мен Елшілігінің штат саны 17,5 адам болып бекітілсін.

2. Женевадағы БҰҰ Бөлімшесінің және басқа да халықаралық ұйымдардың жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілі мен Швейцария Конфедерациясындағы Елшісінің лауазымдық шетелдік валютадағы жалақысы 2500 АҚШ доллары мөлшерінде бекітілсін.

Тұрақты Өкілдік пен Елшіліктің қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілі мен Елшісінің шетелдік валютадағы жалақысы ескеріліп, штаттық кестеге сәйкес белгіленсін.

3. Тұрақты Өкілдік пен Елшіліктің қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге аударымдар шетелдік валютадағы еңбекақы қорының 2 проценті мөлшерінде белгіленсін.

4. Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп Женевадағы БҰҰ Бөлімшесінің және басқа да халықаралық ұйымдардың жанындағы Тұрақты Өкілдігі мен Швейцария Конфедерациясындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің штаттық

кестесі мен шығыстар сметасын бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі елшілік пен тұрақты өкілдіктің қаржыландырылуын 1996 жылға арналып қарастырылған қаражат шегінде жүзеге асырсын.

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК